

Ұлан ауданының Айыртау ауылдық округінің Новая Канайка ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда № 4774 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округі әкімінің 28.06.2017 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қазандағы № 424 ұсынысына сәйкес, Айыртау ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округінің Новая Канайка ауылында ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ұлан мал дәрігері" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Айыртау ауылдық округі мал дәрігерлік бөлімшесінің меңгерушісі Т. Жеңісханға осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

С. Калелова

